

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының аумағында барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 19 наурыздағы № 75 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 наурызда № 8976-16 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28-бабы 6-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Тарбағатай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының аумағында барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 наурыздағы № 137 "Сайлау өткізу кезеңінде сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайлар мен кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарын белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3766 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тарбағатай ауданының әкімі
"КЕЛІСІДІ"

Тарбағатай аудандық аумақтық
сайлау комиссиясы

Д. Жоргекбаев

Тарбағатай ауданы әкімдігі
2024 жылғы 19 наурыздағы
№ 75 қаулысына қосымша/

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындары

№№	Ауылдық округ	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
		Ақжар ауылы, "Қабанбай" орталық саябағының аумағында
		Ақжар ауылы, Құнафиянов көшесі № 3, "Балалар өнер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдында
		Ақжар ауылы, Жамбыл көшесі № 11, орталық базардың аумағында

11	Ақжар ауылдық округі	<p>Ақжар ауылы, Жамбыл көшесі № 16, "Ақжар ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдында</p> <p>Жаңатілеу ауылы, аялдаманың жанында</p> <p>Жаңалық ауылы, Ы. Касенов көшесі № 24, "Айжұлдыз" дүкенінің алдында</p>
22	Жаңаауыл ауылдық округі	<p>Жаңаауыл ауылы, Бұланбаев көшесі № 8, мәдениет үйінің аумағында</p> <p>Жаңаталап ауылы, Қожахметов көшесі № 9, мәдениет үйінің аумағында</p> <p>Ахметбұлақ ауылы, Дәулетбай көшесінің бойында</p> <p>Сарыөлен ауылы, Қабанбай көшесінің бойында</p>
3 3	Жетіарал ауылдық округі	<p>Жетіарал ауылы, С. Шомбин және Ы. Нұразханов көшелерінің қиылысы, "Айгерім" дүкенінің алдында</p> <p>Қамысты ауылы, Ш. Уалиханов көшесі № 15, фельдшерлік пунктін аумағында</p> <p>Асусай ауылы, М. Дулатов көшесі № 32, фельдшерлік пунктін аумағында</p> <p>Жалғызтал ауылы, Б. Дүйсенбаев көшесі № 18, фельдшерлік пунктін аумағында</p>
4 4	Қабанбай ауылдық округі	<p>Қабанбай ауылы, Қабанбай көшесі № 41, "Адилова" наубайханасының алдында</p> <p>Шорға ауылы, Қазыбек би көшесі № 4/Б, "Шорға" дүкенінің алдында</p> <p>Тәуке ауылы, Төле би көшесі, "Береке" дүкенінің алдында</p> <p>Шеңгелді ауылы, Қонаев көшесі № 8, фельдшерлік пунктін аумағында</p> <p>Қазақстан ауылы, Жамбыл көшесі № 3, фельдшерлік пунктін аумағында</p>
		<p>Қарасу ауылы, орталық саябақтың аумағында</p> <p>Ақмектеп ауылы, микрорайон 2, фельдшерлік пунктін аумағында</p>

5 5	Қарасу ауылдық округі	Шолақорда ауылы, микрорайон 1, фельдшерлік пунктін аумағында
		Қарой ауылы, микрорайон 1, тойхананың алдында
6 6	Құйған ауылдық округі	Құйған ауылы, учаскелік аурухананың аумағында
		Жамбыл ауылы, Тоғас көшесі № 3, фельдшерлік пунктін аумағында
		Жалаңаш ауылы, Н. Қалиев көшесінің бойында
7 7	Маңырақ ауылдық округі	Маңырақ ауылы, Дәулетбай көшесі № 45, мәдениет үйінің аумағында
		Бозша ауылы, А.Мұхаметжанов көшесі № 18, фельдшерлік пунктін аумағында
8 8	Тұғыл ауылдық округі	Тұғыл ауылы, Желтоқсан көшесі № 12, мәдениет үйінің алдында 30 метр қашықтықта
		Тұғыл ауылы, орталық саябақтың аумағында
		Тұғыл ауылы, Мәметов көшесі № 113, "Қарагөз" дүкенінің аумағында
		Байтоғас ауылы, мәдениет үйінің аумағында